

Список литературы

1. Большой энциклопедический словарь / Гл.ред. А.М.Прохоров. — 2-е изд., перераб. и доп. — СПб.: «Норинт», 1997. — 1456 с.
2. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на съезде мировых и традиционно-национальных религий 23 сентября 2003 г. // Вечерний Алматы. — 2003. — 24 сент.
3. Джалилов З.Г. Ислам и общество в современном Казахстане. — Алматы: «Дайк-Пресс», 2006. — 204 с.
4. Щелокова Е.А. Особенности этноконфессиональных отношений в Казахстане: социально-политический анализ: Автореф. дис. ... канд. полит. наук. — Астана, 2004. — 19 с.
5. Сюкияйнен Л.Р. Шариат и мусульманско-правовая культура. — М., 1997. — 408 с.
6. Yahia O. Aspects interieurs de l'Islam / Normes et valeurs dans l'Islam contemporain. — P., 1976. — 280 p.
7. Ислам: Энциклопедический словарь / Под ред. Г.В.Милославского, Ю.А.Петросяна, М.Б.Пиотровского. — М.: Наука, 1991. — 320 с.
8. Максуд Р. Ислам. — М.: «Файр-Пресс», 2008. — 304 с.
9. Аль-Хадис Аль-Кудсийя. Хадисы пророка. — Дамаск: «Аль-Фуркан», 1998. — 256 с.
10. Ильин И.А. О сущности правосознания. — М., 1993. — 235 с.
11. В текстах Корана первая цифра — номер суры (главы), цифра после двоеточия — номер аята (стиха).
12. Аль-Мансури И. Мусульманские праздники и обряды //www.sunhome.ru/religion/
13. Мальцев Г.В. Социальная справедливость и право. — М., 1998. — С. 450.
14. Масаб Али Сауд. Уголовно-правовые и криминологические меры борьбы с наркотизмом в Йеменской Республике и Саудовской Аравии: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Рязань, 2000. — 21 с.

ӘОЖ 340:008 (574)

А.И.Бирманова

Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫ ЖАҚСARTU БАҒЫТТАРЫ

В данной статье рассматриваются вопросы правосознания как совокупности представлений и чувств, выражающих отношение людей, социальных общностей к действующему или желаемому праву. Через правосознание происходит усвоение и определенных ценностных ориентаций субъектов в обществе. Правосознание как бы пронизывает весь механизм правового регулирования и правового воздействия на общественные отношения.

In this article is considered questions of sense of justice as sets of representations and the feelings expressing the relation of people, social societies to operating or wished the rights. Through sense of justice there are mastering and certain valuable orientations of subjects in society. The sense of justice as though penetrates all mechanism of legal regulation and legal influence on public relations. In Kazakhstan are spent different programs directed on increase sense of justice of society.

Құқықтық сана құқық қолданумен тікелей байланыста және арақатынастары өте тығыз. Құқық қолданатын мемлекеттік орган, лауазымды тұлға құқықтық сана деңгейін пайдалана отырып, өз құзыры шеңберінде арнайы нормативтік-құқықтық кесімдер, шешімдер, үкімдер, бұйрықтар шығарады. Бірақ құқықтық сананың негізгі идеялары қоғамдық қатынастарды реттейтін нормаларда бекітілген, жарияланған. Сонымен қатар құқық салаларында көрсетілген қағидалар құқықтық сананың негізгі талаптары болып саналады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 16-бабы: «Судья істе бар дәлелдемелерді олардың жиынтығымен әділ, жан-жақты және толық қарауға негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл орайда ол заң мен ар-ұятты басшылыққа алады». Бұл норма судьяны істі «жан-жақты», «толық» қарауға міндеттеп тұр және заң судьяға дәлелдемелерді «өзінің ішкі сенімі бойынша» бағалауға, бұл күрделі жағдайда тек «заң мен ар-ұятты басшылыққа алуды» міндеттеп тұр. Құқық қолдану барысында да, яғни әділ шешім қабылдау үшін, судья заңға бағынып, ар-ұяттың негізінде шешім шығару тиістігі көрсетілген. Ал, әділеттілік әрқашан жоғары, кәсіби дәрежедегі құқықтық сананың қалыптасуын талап етеді [1].

Сонымен қатар құқықтық сана құқықтың өзіне де тікелей әсер етеді. Оның мұндай қасиеттері саналық әсер, келесі көріністерден байқалады.

Құқықтық сана құқық нормаларының орындалуын тікелей қамтамасыз етеді. Құқықтық сана неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым құқық бұзушылықтың динамикасы төмен.

Қоғамда азаматтардың құқықтары міндеттерімен тікелей байланысты. Құқықтар мен бостандықтарды бір-бірінен ешуақытта бөліп қарауға болмайды. Құқықтық сана әрқашан азаматтардың конституциялық міндеттерін бұлжытпай орындауды талап етеді. Мысалы, Қазақстан Республикасының әрбір азамат Конституцияны сақтауға, салық төлеуге, отанды және табиғатты қорғауға міндетті. Сондықтан барлық жағынан алып қарағанда, құқықтық сана заңдылықты нығайтудың берік кепілі ретінде танылады.

Құқықтық сана құқық нормаларының мәнін, мазмұнын түсінуге мүмкіндік береді. Құқық қолданатын субъект құқықтық сана мүмкіндігін пайдалана отырып, құқық нормасын мәнін ұғынады, содан кейін ғана оның, мазмұнын түсіндіру, қолдану құқына ие болады. Мысалы, тергеуші, судья нақтылы іс бойынша жасалған қылмысты дәлелдемелер арқылы анықтап, қылмыстық кодекстің нормасын қолданады. Бұл күрделі және асқан жауапкершілікті талап ететін әрекет болғандықтан, құқықтық сананың іс бойынша жиналған дәлелдемелерді бағалаудағы рөл өте зор. Сондықтан Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 25-бабы мынандай норманы бекітеді: «Судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді қаралған дәлелдемелердің негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл орайда заң мен ар-ожданды басшылыққа алады».

Құқықтық сана — құқық жасау, қабылдау қажеттілігін анықтайтын, талап ететін негізгі көрсеткіштердің бірі, әлеуметтік барометрі. Себебі қоғамның дамуы барысында нормативтік-құқықтық кесімдер ескіреді, қоғамдық реттеуге дәрменсіздік танытады. Даму — соның айғағы. Жаңа заң қабылдау немесе оған өзгерістер енгізу қажеттілігі туындайды. Осы кезеңде құқықтық сананың рөлі өте зор болады. Сана идея ұсынады, оның қызметі реттеуді қажет ететін қоғамдық қатынастың құқық нормасында бекітеді. Бұл үзіліссіз дами беретін үрдіс, қозғалыс.

Қоғамның дамуы тіке жол сияқты дамудан алда. Адам саналары әр түрлі, дара сипаттарға ие болғандықтан, қоғамдық қатынастар да қайшылықтар мен қақтығыстарға толы. Мемлекет құқықтық жүйе арқылы сол қақтығыстарды бір қалыпқа келтіріп, тиімді реттеу мақсатын көздейді. Бірақ ондай нәтижеге жету мақсаты әрқашан бола бермейді. Оның негізін себептерінің бірі құқықтық санасында формацияға ұшырауы болып табылады. Оның мынандай түрлері бар:

1. Құқықтық нигилизм (латын сөзі *nihil* — еш нәрсе емес) — қоғамда қабылданған, мойындалған құқықтық құндылықтарды, қағидалар мен заңнаманың мүмкіндіктерін жоққа шығару, сенімсіздік таныту арқылы биліктің заңсыздығы мен бассыздығына көз жұмып қарау. Құқықтық нигилизм жалпы қоғамдық нигилизмнің құрамының бөлігі болып саналады. Саяси-құқықтық ой-пікірдің тарихында нигилизм әлеуметтік прогресс пен азаматтың даму заңдылықтарын жоққа шығарып, әсіресе Батыс Еуропаның, Америка демократиясының құндылықтарын мойындамаушылық танытқан әлі де баршылық. Мысалы, Ресейде славянофилдер орыс халқына Конституция, тіпті құқық мүлдем қажетсіз деп санады. Бұл ағымның ірі өкілдерінің бірі И.С.Аксаков: «Батысқа қараңдаршы. Халықтары менменшілдікке ниет білдіруге еліктеп кетті, үкіметтік жетілу мүмкіндігіне сенді, республикаларды жасап тастады, конституцияларды құрды және рақымшылдықсызға ұрынды, әр минут сайын күйреуге дайын».

Ал, анархизм ілімінің ірі өкілдерінің бірі М.А.Бакунин мемлекеттің болуына, оның басқару, билік жүргізу арқылы азаматты қорғау, топтастыру функцияларына нигилистік көзқарас танытты. Белгілі ғалым С.Ф.Ударцевтың тұжырымдары бойынша: «Бакунинше, мемлекет — зорлықшыл, қылмыскер, ол, оның пікірінше, құқықтық сынардан айырылған. Осы мағынада ол құқықтық мемлекет теориясына жат. Оған мемлекет өзінің мәнісі жағынан — құқықтық емес институт».

Құқықтық нигилизм орыстың ұлы жазушысы, ойшылы Л.Н.Толстойда да жиі кездеседі. Мысалы, ол өзінің көптеген шығармаларында құқық пен мемлекетке сенімсіздікпен қараған, жоюға шығаруды көп пайдаланған. «Студентке құқық туралы хат» деген еңбегінде құқықты «жексұрын алдаушы» деп бағаласа, заң ғылымын саяси экономиядан да асқан өтірікші деген пікір білдірген.

Құқықтық нигилизмнің ең негізгі себептерінің бірі мемлекеттегі үш билік саласында әділетсіздіктің және коррупция кең қанат жаюы болып табылады. Соттың шығарған әділетсіз үкімі (мысалы, бір тауық ұрлаған адамды бір жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаласа, түйені түгімен жұтқан адамды бір жылға соттау). Атқарушы биліктегі коррупция (қызметке шара беру арқылы орналасу және т.б.) халықтың заңдылыққа деген сенімсіздігін арттыра түседі, құқықтың мүмкіндіктерін жоққа шығарады. Сайлау барысында халықтың дауыс беруден саналы түрде бастартуы да құқықтық нигилизмнің көрінісі.

2. Құқықтық инфантилизм — латын сөзі — *inanieiez* ~ балалық, жетілмеген) — құқықтық білімнің, ақпараттың жетіспегендігінен қалыптасып, жеке адамның сезімі бойынша құқық құқығында көптеген түсінбеушіліктерді туғызуы мүмкін. Адам білмейтін нәрсені «білемін» деп, заңсыз әрекеттерге барады.

Нигилизм туралы білетін болып көрінуі, соның салдарынан құқықтық сананың бұрмалануы. Мұндай сана индивидтегі жалған жолға бұрып, оның мінез-құқықтық идеализм — құқықтық қоғамдық қатынастарды реттеудегі рөл мен мүмкіндіктерін асырып бағалау. Негізінде сананың негізгі идеясы — халықтың «әділетті заңға» сенуінен туындауы. «Жақсы заңдардың» мүмкіндігінің мол екендігіне үлкен үміт арту. Заңның мүмкіндігі өте зор, бірақ адам санасы одан да пәрменді. Сондықтан қоғамдық қатынастардың барлық санасын құқық нормасымен реттеу, қалыпқа салу мүмкін емес. Тиімді реттеу үшін әлеуметтік тәжірибе мен халық психологиясын жетік, ғылыми деңгейде танып, меңгеру қажет. Құқықтық-қоғамдық қатынастардың арнайы бір сатыдағы қажеттілігі.

Құқықтық демагогия — сапалы түрде алдау, жалған мәліметтер тарату мен өтірік уәде беру арқылы халықты, әлеуметтік топтарды қоғамдағы құқықтық ақиқатты өз мақсаттарына жету үшін бұрмалап көрсету және насихаттау. Мысалы, халықты жалған ақпарат арқылы сайлауда дауыс бермеуге, сот үкімін «әділетсіз» деп аштық жариялауға шақыру және т.б. әрекеттерге бару. Құқықтық демагогия, баспасөз, мегафон құқық арқылы іс жүзіне асады [2].

Қоғамды, мемлекетті дамытуда, оның құқығын нығайтуда қуатты құралдың бірі — еңбекші бұқара. Сондықтан заң жобаларын талқылауға, құқықтық нормалардың дұрыс қолдануына, мүлтіксіз орындалуын бақылауға олар белсене қатысады. Құқықтық сананы заңды мінез-құлық деп те атайды. Бұл құқық нормаларының нұсқауларына сәйкес келетін жеке тұлғаның сана-сезімі. Осы сана-сезім арқылы заң орындалады, жүзеге асырылады. Егер адамдардың мінез-құлықтары құқық нормаларының талаптарына сәйкес келсе, онда құқықтық тәртіп нығаяды.

Құқықтық сана-сезім арқылы қоғам басқарылады, оның өмірі қалыпты жағдайда жүргізіледі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жүзеге асырылады. Мұны азаматтардың көбі түсінеді, сондықтан құқықтық қатынастардың басым көпшілігі заңды мінез-құлық негізінде құрылады. Азаматтар құқықтың талабын белсенділікпен немесе енжарлықпен орындайды. Соған сәйкес сана-сезім екіге бөлінеді: белсенді заңды мінез-құлық және бәсең (енжар) заңды мінез-құлық. Белсенді заңды мінез-құлық — лауазымды тұлғалардың азаматтардың өз бастамасы мен белгілі мақсатқа бейімделген заңды әрекеттері. Бұл мінез-құлықтың түрлері сан алуан. Ол субъектілердің өз міндеттерін адал ниетпен, сапалы атқарып, азаматтардың өздеріне жүктелген міндеттерін қалтықсыз сапалы түрде орындауы, сонымен қатар құқықтарын жүзеге асыра отырып мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың жұмысына белсене қатысып әлінше көмектесу, заңдардың жобаларын талқылауда бет көрсетіп, өз пікірін ортаға салу — міне, құқықтық белсенділікке осындай әрекеттер жатады.

Енжар заңды сана-сезімнің көрінісі де сан алуан. Азамат өзіне жүктелген міндеттерді салақтықпен орындайды, нормативтік актілерді жүзеге асыруға енжарлықпен, немқұрайлықпен қарайды. Мұндай мінез-құлық екі тарапта да ұтылыста болады. Мысалы, шартты қатынаста субъектілердің екеуі де немесе біреуі міндеттерін дұрыс орындамаса, екі жағы да ұтылыста болады, зиян шегеді. Мұндай енжар мінез-құлық басым болса, мемлекетке де зиян келеді.

Қоғамның экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік дамуы жақсы деңгейде болса, адамдардың сана-сезімі де сол дәрежеде болады. Осыған сәйкес қоғамның құқығы да жақсы дамып, қатынастарды жақсы реттеп-басқарып отырады.

Егерде қоғамның экономикалық, әлеуметтік дамуы дағдарысқа ұшыраса, онда сана-сезімнің сапасы төмендеп, құқықтық нигилизм, немқұрайдылық етек жая бастайды. Қылмыстың саны күрт өседі, қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіп нашарлайды. Оның себептері:

- 1) азаматтардың көпшілігінде демократиялық мәдениеттің жоқтығы;
- 2) қоғамда әкімшілік-әміршілік жүйенің ұзақ уақыт өмір сүруі;
- 3) ескі мемлекеттің ыдырауы, жаңа жүйенің толық қалыптаса қоймауы;

4) қоғамның экономикалық-әлеуметтік деңгейінің нашарлауы. Қазіргі өтпелі кезеңде Қазақстан Республикасының алдында тұрған мүдде-мақсаттар өте көп. Солардың бірі — халқымыздың құқықтық сауаттылығын көтеру, оның негізгі бағыттары:

- елімізде құқықтық тәрбие жұмысын жақсарту. Бәрі іске қоғам болып кірісу;
- тәрбие жұмысын барлық бағытта жандандыруға көңіл бөлу; инабаттылық, парасаттылық, патриоттық, тәртіпшілік, еңбекшілдік, діни т.б. бағыттарда;
- халықтың рухани сана-сезімін, білімін жақсарту;

- мемлекеттің заң шығару, құқықтық нормаларды орындау жұмысын жақсарту;
- мемлекет аппараттарындағы қызметкерлердің мамандық сапасын көтеру;
- заңдылыққа, құқықтық тәртіпке қатаң бақылау жүргізу [3].

Осы көрсетілген бағыттар арқылы құқықтық тәрбиені жақсарту тек аппараттың ғана жұмысы емес. Бұл күрделі және өте өзекті іске қоғамдағы барлық бірлестіктер, одақтар, ұжымдар, саяси ағымдар мен ұйымдар белсенді түрде қатысулары керек.

Құқықтық тәрбиені жақсарту үшін қоғамның экономикалық, әлеуметтік жағдайын жақсарту, демократияны, бостандықты, теңдікті дамыту керек, сонда ғана іс нәтижелі болады.

Құқықтық сана — Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалауына, құқыққа, басқа да құқықтық құбылыстарға құқықтық сезімдерінің, әсерлігінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі.

Философияда қоғамдық сана — қоғамдық болмыстан туындайтын идеялар мен көзқарастардың материалдық қатынастардың жемісі. Сонымен қатар сана болмысының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізіп, оны дамытуға үлесін қосады. Ал қоғамдық сана құрамы жағынан алып қарағанда көптеген түрлерге бөлінеді: саяси, көркем, теориялық, кәдімгі, эстетикалық, діни, этикалық және т.б. Құқықтық сана қоғамдық сананың бір түрі, бөлігі болып саналады. Басқа саналардың түрлеріне қарағанда құқықтық сананың өзіне ғана тән ерекшеліктері бар.

Құқықтық сана мемлекетте қалыптасқан құқықтық жүйе әділ сот қызметтерінің айнасы болып табылады. Құқықтық реттеу барысында адамдар құқықтың әділеттілігін немесе оны қолдану барысындағы заңсыздық пен бассыздықтан туындайтын әрекеттер мен көріністерді ой-өріс, сана арқылы ой елегінен өткізіп, баға береді. Соның нәтижесінде индивидтердің мемлекеттегі әділеттілікке деген көзқарастары қалыптасады.

2. Құқықтық сана қоғам тапқа бөлініп, мемлекет пен құқық пайда болғанда қалыптасады және әр түрлі мағындағы қасиеттерге ие болады. Мысалы, құл иеленуші мемлекетінде құл иеленушілердің құқықтық саналары негізінде «құлдарды қанау», «басып жаншу», «бау» сияқты ұғымдармен уланған болса, керісінше, құлдардың құқықтық санасының негізгі өзегі — азаттық, теңдік, бостандық. (Мысалы, б.ғ. дейінгі I ғасырдағы Римдегі Спартак, б.ғ. дейінгі I–II ғасырлардағы Қытайдағы «Сары тартқандар» және «Қызыл кастар» көтерілістері және т.б. сондай қарулы көтерілістер.) Таптық қоғамда сана да таптық сипат алады.

Құқықтық сана саяси мазмұнға, сипатқа ие болады. Мемлекеттегі саяси процестер мен бағыттар әрқашанда құқықтық санаға өзінің әсерін тигізеді. Заңның өзі қоғамда жүргізіліп отырған саясатқа тәуелді. Мысалы, сталинизм кезінде саясат тоталитарлық жүйені және жеке адамның басына табынушылықты мемлекеттік дәрежеде нығайту болса, қоғамдық құқықтық сана сол саясаттың тікелей әсерінен халықтың құқықтық санасына «халық жауы» ұғымын жаппай қабылдатты, заңды екенін сіңірді. Фашизм де сондай сананы қалыптастырды.

Құқықтық сана қоғамның қондырмасынан орын тебеді, оның құрамындағы саяси, көркем, эстетикалық, теориялық, кәдімгі, діни, этикалық, саналардың түрлерімен тығыз байланыста қалыптасады және дамиды. Бірақ бір сананың түрі құқықтық санаға мол әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайда индивидтің құқықтық санасы не прогрессивтік, не регрессивтік, не конформистік, не ниглистік және инфантильдік қасиеттер мен мінез-құлықты қабылдауы мүмкін. Сана адамдардың өзара іс-әрекеттерінің нәтижесінде өмірге келіп, дамып, ескіріп, жаңарып жатады. Бұл объективтік өте күрделі процесс, сан алуан бағытқа, жүйеге бөлініп қоғамның сана-сезімін топтастырып қалыптастырады. Оның негізгі нысандары: саяси, моральдық, ұлттық, эстетикалық, діни, құқықтық т.б. сана-сезімдер. Бұлар бір-бірімен тығыз байланыста дамып отырады.

Мемлекет және құқық теориясы қоғамдағы сана-сезімнің объективтік даму процесіне сәйкес құқық саналығының маңызын дамытып, нығайтып отырады. Құқықтық сана-сезімнің мазмұны төрт жүйедегі қарым-қатынастарды қамтиды: қоғамдағы нормативтік актілердің даму, жаңару, орындалу, қорғау процесін, оған халықтың сана-сезімінің әсерін, көзқарасын, іс-әрекетін біріктіреді.

Құқықтық сана-сезімнің негізгі функциялары: бірінші — халықтың құқықтық білімін арттыру; екінші — сана-сезімді дұрыс дамыту үшін тәжірибелік жұмысты жақсарту; үшінші — қоғамдағы қатынастарды реттеуді, басқаруды жақсарту үшін адамдардың сана-сезімін көтеру. Құқықтық сана-сезім — нормативтік актілердің негізгі, қоғамдағы қатынастарды дұрыс реттеуші, басқарушы күш. Ол құқықтық нормалардың дұрыс дамуына, дұрыс орындалуына және оның болашағын дұрыс болжауға өте зор әсер етеді. Құқықтық сана-сезімнің ерекшеліктері:

– құқықтық сана-сезім қоғамдағы тек нормативтік актілер мен құбылыстарды, қатынастарды бейнелейді. Ол жаңа нормалардың қабылдану және олардың процесін қамтиды. Саяси, моральдық, ұлттық т.б. көзқарастар құқықтық сана-сезімге әсер етіп, құқықтық нормалардың дұрыс дамуына, орындалуына ықпал етеді;

– қоғамның даму процесін, құбылыстарын сана-сезім құқықтық тұрғыдан сезініп, сол позициядан қорытынды тұжырымдар жасап, баға береді, мысалы: құқықтық қатынас, құқықтық жауапкершілік, құқықтық тәртіп т.б.

Сонымен, қоғамдағы құқықты дамыту үшін, заңдылықты, тәртіпті қатаң сақтау үшін құқықтық сана-сезімнің маңызы өте зор. Бұл сана-сезімді қоғам көлемінде дамыту керек, әсіресе заңгерлердің, органда қызмет атқаратын азаматтардың білімі, тәжірибесін, сана-сезімін көтеруді қажет етеді. Сонда ғана қоғамда заңдылық, құқықтық тәртіп болады.

Халықтың, әсіресе заңгерлердің белсенділігі үш түрлі, үш деңгейде болады: біріншісі — құқықтың субъектілері өзара қатынасты тек дұрыс басқарып, жаңалыққа ұмтылмау — сылбыр, енжар деңгейі; екіншісі — эвристикалық деңгей — құқықтың субъектілерінің жаңалыққа талпынып, мәселені шешудің жолдарын табу; үшіншісі — интеллектуалдық деңгей — жаңалықты ашуда үзілістің болмау, жоғары дәрежеде белсенділікті көрсету. Белсенділіктің соңғы екі түрі құқықтық сана-сезімнің дамуына өте зор әсер етеді.

Құқықтық сананың мазмұны әр таптың, қоғамның экономикалық, саяси, мәдени өмірінде алатын орнына байланысты. Құқықтық сана халықтың саяси және құқықтық жауапкершілігін арттырады, өздерінің заңдарда көрсетілген құқығы мен міндеттерін адал орындап отыруына, мемлекет және еңбек тәртібін қатаң сақтауға зор үлес қосады.

Қоғамдық сана-сезімнің басқа нысандарына қарағанда құқықтық сана адамдардың ой-өрісіне, рухани ойлану процесіне өте зор әсер етеді. Себебі құқықтық қатынаста адамдар нормативтік актілерді бұлжытпай орындаулары керек, екі жақты құқық пен міндет бар, дұрыс орындалмаса, жауапкершілік бар. Сондықтан құқықтық қатынастардың субъектілеріне түсетін ауыртпашылық айтарлықтай мол.

Еліміздің өтпелі дәуірдегі саяси-әлеуметтік негізі мен болашағы «Қазақстан–2030» стратегиясында нақтылы бағдарланған. Ол республикадағы ұлттардың өзіндік сұраныстарын зерттеуге, олардың дамуына қатысты Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаларын жүзеге асыру жолдарын айқындаған құжат. Бұл орайда мемлекеттік органдардың қызметі әуел бастан халықтар арасындағы мәдени байланыстарды дамытуға, олардың рухани бірігуіне және татулығына бағытталғаны маңызды.

Қазіргі нарықтық құбылыстар ауқымы меншікке жаңаша қатынас, кәсіпкерлік, еңбекті жаңаша ұйымдастыру, саяси жүйеге сыпайылық, «құқықтық ойлау», іскерлік, электрондық есептеу шеберлігі, саяси-құқықтық және экологиялық мәдениет және т.б. қасиеттерді жетілдіруді қажет етеді. Жаңа қоғамдық қатынастар өз заңдылықтары арқылы жетіледі. Құқықтық сана субъектілері бойынша бірнеше түрлерге бөлінеді.

Дербес құқықтық сана — жеке адамның ішкі сезімінен туындайтын құқыққа және оның қағидаларына деген көзқарастары мен қатынастары.

Топтық (корпоративтік) құқықтық сана — қоғамдық қатынастарға түскен субъектілердің қызметтері мен мүдделеріне байланысты қалыптасқан сана. Бұл сана адамдардың мамандықтарына байланысты қалыптасады, мысалы, мұғалімдер, фермерлер, бір партияның мүшелері, қозғалыстар және т.б. ұжым біріктірген адамдардың топтары.

Қоғамдық құқықтық сана — белгілі бір мемлекетте немесе жалпы қоғамда бастапқылық дәрежеде бүкіл социум мүшелері мойындаған сананың түрі, қоғамдық-құқықтық сана өз дәрежесінде билікті тұрақтылықта қамтамасыз етуі мүмкін. Сонымен қатар адамдардың сана наразылығы бақылаудан шығып, қақтығыстар мен шиеленістерді қалыптастыруы әбден мүмкін. Қоғамдық құқық сананың тұрақтылықта болуы көп жағдайда мемлекеттегі материалдық жағдайларға тікелей байланысты.

Жасөспірімдердің құқықтық санасы — жас ерекшеліктеріне, кәмелетке толмағандығына байланысты, өзіндік ерекшеліктері бар сана. Бұл сана жасөспірімнің организмі қалыптасып, жетілу кезеңіндегі ерекшеліктерден туындайды. Құқықтық тәрбие барысында осы өлшемдер міндетті түрде ескеріледі.

Студенттердің құқықтық санасы — жоғарғы білім алу барысында қалыптасатын сана. Бұл сананың өзіне тән мынандай ерекшеліктері бар:

а) болашақта құқықтық белсенділікті қалыптастырудың іргетасы қаланады, азаматтық ұстаным және патриотизм рухы қалыптасады;

ә) саяси процестерге тартылып, сана болмысы шындалады. Бұл көрініс негізінде ірі қалаларда (Алматы, Астана) білім алу барысында іс жүзіне асырылады;

б) құқықтық сана білім алу сапасының төмен деңгейіне, сауатсыздығына байланысты маргиналды (шетте қалу) деңгейінде қалып қоюы мүмкін. Бұл сана формасын ұялаған субъектілер, Американың социологі Р.Парлатовтың айтуынша, мазасыз, агрессияшыл, өзін ғана құрметтеуші, сезімтал, жасқаншақ, эгоцентристік қасиет мінездерімен сипатталады.

Отбасылық құқықтық сана — негізінде отбасы, ошақ қасында некелік қатынастардан туындайтын және бір жанұяның дәстүрлік салт-санасымен қалыптасады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер», «Әкеге қарап ұлы өседі, шешеге қарап қыз өседі», «Бала тәрбиесі — бесіктен», «Мейірімділікті анадан үйрен, әділдікті данадан үйрен» және т.б.

Әйелдердің құқықтық санасы — әйел заты ағзаның биологиялық процестерінің ерекшеліктеріне байланысты қалыптасатын сана нормасы. Оның өзіне тән ерекшеліктері бар, психологиялық әдебиеттерде көп жазылған.

Сонымен, құқықтық сананың сапасын жақсартып, қоғамдағы оның маңызын көтеруге зор үлес қосатын құқықтық психология мен құқықтық идеология. Бұл психология мен идеологияны теңестірсек, идеология басым болады. Өйткені психология адамдардың санасында заңдарға олардың қолданылуына байланысты туған тек әсерлерін, көңіл-күйін, сезімдерін ғана көрсетеді. Ал идеологияның қоғамға әсерінің шеңбері де, кеңістігі де өте кең, маңызы да анағұрлым жоғары. Идеология құқық жөніндегі пікірлер мен көзқарастарды белгілі бір жүйеге келтіріп, ғылыми негізде дәлелдеп қызмет атқарады.

Мұндай тұрақты қалыптасқан демократиялық, мәдени, әлеуметтік, құқықтық идеология әр мемлекетке өте қажет. Онсыз қоғам сапалы, жақсы дами алмайды. Мұның аты — ұлттық немесе мемлекеттік идеологияның жоқтығы. Идеология дегеніміз — мемлекеттің жүрегі. Жүрегінде өзіне тән қасиет жоқ адамның дара тұлға еместігі кімге құпия? Өзіндік идеологиялық бағыт-бағдары, ұлттық бітімі жоқ мемлекет ше? Ол кімге қажет? Әрине, бізге қажеті жоқ. Бірақ сырттағы біреулерге ол ұнайды. Өйткені мұндай мемлекетті бостандықта ұстау оңай [4].

Тәуелсіз жас мемлекеттің іргесін анықтауға байланысты тұжырымның бірі ілімдік жағынан қорытылуға тиіс. Ондай ұлттық идеологияның негіздері бізде жоқ емес. Тек оны нақтылай, дәлелдей түсу керек. Ғылым дәрежесіне қарай бейімдеу қажет. Құқықтық қоғамы бар мемлекет құрамыз, оған керегі жалпы адамзаттық идея деп тұрсақ та, Қазақстанның өзіне лайық идеологиясы болуын ешкім жоққа шығармас.

Қорыта айтсақ, құқықтық идеологияны жаңғырту, озық өркениет жетістігін қабылдау, мәдениет пен өркениетті ұштастыру, ұлттық тұлға тәрбиелеу, мемлекетімізде қаржы-қаражат, заң, өндіріс, өндіргіш күш, білім беру, денсаулық сақтау мен бұқаралық ақпараттың үйлесімін тауып үндестіретін құрал — мемлекеттік, ұлттық, құқықтық идеяны қалыптастыру.

Бұл жерде ескеретін мәселе, Кеңестік дәуірде заң ғылымын марксизм теориясына сәйкес түсініп, ғылыми зерттеулерді, құқықтық мамандарды дайындауды осы бағытта жүргізіп келдік. Дүниежүзілік заң ғылымымен байланысымыз жоқтың қасы болды. Олардың мемлекет және құқық теориясының жаңалықтары мен жетістіктерін біз қолданбадық, пайдаланбадық. Сөйтіп, Кеңестік заң ғылымы біржақты дамып, көп кемшіліктерге әкеп соқты.

Қазақстанда құқық жүйесінің болашақта даму бағыттары.

Құқықтық идеологияны қалыптастыруға қоғамдағы барлық саяси, әлеуметтік күштер, ұйымдар бәрі бірігіп, үлес қосуы қажет. Әрбір одақ әр жаққа тартса, қоғамда тұрақты бірлік те, сапалы құқықтық идеология да болмайды. Мұндай қоғамның болашағы жоқ деуге болады.

Құқықтық идеологияны қалыптастыру жұмысы жариялы, ашық, демократиялық түрде жүргізіліп, барлық халықты, олардың құрған ұйымдарын қатыстыруға толық мүмкіншілік беру қажет.

Құқықтық идеологияны қалыптастыру процесінде халықтың көпшілігінің мүддесін іс жүзінде асырамыз деп, азшылықтың, жеке адамдардың мақсатына нұқсан келтірілмеуі қажет. Өйткені демократиялық қоғамда жеке адамдардың бостандығы мен құқықтарына шектеу жасауға қатаң тыйым салу қажет.

Құқықтық идеологияның алдындағы сан қырлы мүдде-мақсаттың ең күрделісі, ең маңыздысы — қоғамның саяси-экономикалық және Қазақстанның тәуелсіздігін, қорғанысын күшейту. Міне, осы

мәселелерге мемлекет, халық, барлық ұйымдар, бірлестіктер, ұжымдар, саяси партиялар бірігіп іс-әрекет жасаулары өте қажет. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен егемендігі күшеймей, басқа жақсылықтарды күту, болады ғой деп сену — жай қиял.

Сонымен, құқықтық сана халықтың, адамдардың саяси және құқықтық жауапкершілігін арттырады, өздерінің заңдарда көрсетілген құқықтары мен міндеттерін адал орындап отыруына, мемлекеттік және еңбек тәртібін қатаң сақтауға зор үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі

1. *Арыстамбаева С.* Гносеология как парадигма правового общественного сознания // Евразийское сообщество: общество, политика, культура. — 2006. — № 2. — С. 26–46.
2. *Еликбаев Н.* Некоторые аспекты правосознания и правовой культуры в новых условиях // Фемида. — 2004. — № 8,9. — Б. 36–50.
3. *Мартьяшин О.В.* Национальная политическая и правовая культура в контексте глобализации // Государство и право. — 2005. — № 4. — С. 16–67.
4. *Махметова Н.У.* Соотношение права и морали // Қазақстан кәсіпкері — Професионал Қазақстана. — 2008. — № 1. — С. 45–112.

ӘОЖ 343.37:340.131

Н.Н.Ниетуллаев

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ЗАҢСЫЗ ТАБЫСТАРЫН ЛЕГАЛИЗАЦИЯЛАУ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ ОРНАТАТЫН ШЕТЕЛ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ

В статье рассматриваются основные характеристики уголовно-правовых норм Великобритании, ФРГ, Швейцарии, Австрии и США в области противодействия «отмыванию» денег или иного имущества, приобретенных незаконным (преступным) путем. Автор на основе действующего законодательства указанных стран анализирует их преимущества и недостатки, а также пути совершенствования отечественного законодательства в этой области.

The article describes the main characteristics of the criminal law of Great Britain, Germany, Switzerland, Austria and the United States in countering money laundering or other property acquired by illegal (criminal) ways. The author on the basis of current legislation of these countries, analyzes their advantages and disadvantages, as well as ways to improve the domestic legislation in this area.

Заңсыз (қылмыстық) табыстарын легализациялау үшін жауаптылық орнататын шет елдердің қылмыстық заңнамасын зерттеп, игеру отандық қылмыстық құқық ғылымы мен тәжірибесі үшін маңыздылығы зор, өйткені бұл бағыттағы қоғамдық қауіпті әрекеттерді шет мемлекеттердің криминализациялау бойынша заңнамалық тәжірибесі еліміздегі құқықтық жүйенің спецификасын ескере отырып, заңнаманы жетілдіру бағыттарын айқындауға көмектеседі. Сондықтан қазіргі таңда Қазақстан Республикасы экономикалық, саяси және мәдени салаларда ынтымақтасуды көздейтін және айтарлықтай экономикалық, құқықтық салада жетістіктерге қол жеткізген шет елдердің заңсыз (қылмыстық) табыстарды легализациялауға қарсы қылмыстық құқықтық күрес негіздерін игеру және бағалау қажеттілігі туындап отыр. Сонымен бірге қарастырылып отырған қылмыс құрамы отандық қылмыстық құқық практикасы үшін айтарлықтай жаңа құбылыс, мұнда шетелдік тәжірибеге назар аудармастан, әрі қарай жетілу қиынға соғатыны анық.

Заңсыз табыстарын легализациялау түсінігі (ағылш. *money laundering*) АҚШ-та өткен ғасырдың 80-жылдарында есірткі бизнесінен түскен табыстарға қатысты қолданыла бастаған және заңсыз алынған қаражаттарға заңды түр-сипат беру процесін аңғартады. Қазіргі кезде осы қылмыстың анықтамасына қатысты ортақ консенсусқа қол жеткізілген жоқ дерлік. Бұл қылмыстың түсінігіне қатысты алғашқы анықтамалардың бірін 1984 жылы ұйымдасқан қылмыстылық бойынша АҚШ